

егемен

Агентство

Шерхан-шежіре

Кітаптың да бақыттысы бар! Эрине, ол оқылар кітап болса. Сондай оқылар бақытты бір кітап қолымызға тиді. Сүйсіне оқып шықтық. Ол кітап белгілі жазушы Әділ Дүйсенбектің «Шерағамның шеруі» болатын. Ұзақ жылдар бойы баспасөз саласында жемісті еңбек етіп келе жатқан және әлі де қолынан қаламы түспеген Әділ ағаның бұл кітабының басты да әрі негізгі кейіпкері Шерхан Мұртаза, кәдімгі Шерағамыз!

Айтқан әр сөзі ел аузында жүретін Шерағаның өзі абызға, сөзі аңызға айналғалы да қашан?! Бұл арада өз халқының Шерхан Мұртазаға деген шынайы махаббаты мен сүйіспеншілігі жатқандығын айтқан да ләзім. Сөз деген құдіреттің сырын ұғар жан болса, Шерағамыздың кейде шерлі, кейде зілді, әрдайым нәрлі әр сөзінде өмірдің әйтеуір бір ақиқаты жататыны анық. Сол ақиқаттың мірдей оғымен атылған Шерағаңның кейіген кей сөзіне ел сүйініп қол соғып жатса, көніліне жақпағандар мен ыңғайына жатпағандардың күйініп те, кектеніп те жатқандары аз болмайтын. Әйтеуір, не де болса өмірде және ел аузында Шерхан Мұртазаның айтқан да, айтып та жүрген сөзі бар.

Сол аузы дуалы Шерағаңның жанында ұзақ жылдар бойы бірге келе жатқан және бірге қызметтес те болған, тәлімі мен тәрбиесін көрген, әлі де өзінің өмірлік ұстазы санап келе жатқан Әділ Дүйсенбектің «Шерағамның шеруі» роман-эссесі – өз оқырманына олжак сала келген орайлы шығарма. Орайлы санап отырғанымызды, қаламгер Әділ Дүйсенбектің Шераға сияқты біртуар жанында және де өзінің бар саналы ғұмырын қазақтың қасиетті де құдіретті сөз өнеріне арнап, сол қазақтың небір талантты да дарынды қаламгерлерінің бақ жүлдізьын жандырған. Олар болса «біз Шерағаңның шекпенінен шыққанбыз» деп марқая сөйлер бір дәуір ұрпақтарының Шерағасының әр сөзін шашау шығармай қағазға түсіре отырып, өз халқының назарына ұсынсам деген ниеті деп білгеніміз абзал.

Шынында да Шерхан аға Мұртазаның жазып та, айтып та келе жатқан дүниелерінде бір дәуірдің үні мен тынысы жатыр. Әр дәуірдің дауылына кеудесін тосып өмір сүріп келе жатқан Шерағаңның кей-кейде шерлі көңілінің де шері бар. Ол шер Шерағаның қара басының жайын күйттегеннен емес, елі мен халқының мұддесін ой көзімен шолған кездегі көңілінің пәс болатыны, даусының ашы шығатыны да сол кез.

Бұл ретте белгілі жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Дулат Исабековтің осы кітаптың алғысөзінде «Жинақта Шерағаңның бірде бала, бірде дана, бірде көл, бірде шөл, бірде тарпан, бірде салқам мінездері жарасымды да жан-жақты көрініпті» деген пікірі Әділ Дүйсенбек шығармасының бар мазмұнын толықтай ашып тұргандығы бар.

«Дауасыз – шартты ұғым. Оны тек кәрілікпен шектеп қоюға болмас, – деді терен тыныстап. – Дауасызымыз осы уақыт емес пе екен? Уақыт таңды атырып, күнді батырады. Көктем мен жазды, күз бен қысты алмастырады.

Мезгілі келгенде гүл қауыз жарып, ризық пісіп-жетіледі», – дейді бірде Шераға ой толғап.

Дауасыз уақыттың уысында кетіп бара жатқан адам ғұмырдың еншісіне қалар не бар деген ой келеді Шерағаның осы бір сөзінен кейін. Әрине, жақсыдан – өнеге, шешеннен сөз қалары анық. Сол өнегені де, сол сөзді де Әділ Дүйсенбектің кітабынан молынан теріп алуға болады. «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын, жарлымын деген жан мың қой айдайтын заман туып келеді. Ауызбірлік болсын! Елбасы – біреу, басқамыз соған тіреу болайық!..» деген Шерхан ағамыздың тәуелсіздігіміздің тағдыры үшін айтқан осы бір ауыз сөзі ұрпақ санасында ұран болып сақталып қалары да анық. Анық дүниенің күнбе-күнгі қанық жайынан мол сыр айттар бұл кітаптан халқымыздың небір асыл перзенттерінің де жарқ еткен бейнелерінің қымбат тартары бар. Мысалы, кітаптағы «Қарекенің қалжыны қалған емес» деген әңгімесінде автор қазақтың тұлғалы азаматы, «интернаттың қара нанын бөліп жеп, талай қыншылықты бастан кешкен екі дос» Қаратай Тұрысов пен Шерхан Мұртаза арасындағы сыйластықтың бір сәттік көрінісін әсерлі жеткізе білген. Сонымен бірге, автор мен кейіпкер арасында өзара сенім мен сыйластық қарым-қатынастық жағдайында өрбитін әңгімелердің әрқайсысы арқылы қаламгер Әділ Дүйсенбек Шерағаның өз кейіпкерінің әр жағдайдағы көңіл күйін, сан салалы пікірлерін, былайша айтқанда мінезін, толық ашып көрсетіп бере алғандығын айтқымыз келеді. Және де әр жайды сұлтауратып Шерағаны бір сәйлетіп, пікірін біліп отыруды дағдыға айналдыргандай болған Әділ Дүйсенбек сол арқылы күнделік өмірдің бір шежіресін жазғандығын да жоғары бағалар едік. Шераға айтқан әрбір ұтымды да ойлы сөзді сол айтқан жерінде қалдырмай, қағазға түсіріп отырған автордың нағыз қаламгерлік қайратының да танылар тұсы осы.

Шераған – қай салада қызмет жасамасын өзін әуелі журналист, қаламгер ретінде сезініп келе жатқан жан. Содан да болар, мына айнала тіршілікке қаламгердің жіті көзімен қарап, әріге ой жібереді. Санасымен сарғаяр сәттері де аз емес. «Қайда сол шындық деген шіркінің? – деді. – Шындықты айтамын деп кезінде Жұмабек Тәшенов деген ағаң орыстармен жаға жыртысуға дейін барды емес пе?» деген Шерағаның шамырқана шыққан үнін «Батырлардың батыры» деген әңгімeden анық естір едік. Бұл орайда Шерхан аға атақты Бауыржан Момышұлының өз аузынан естіген Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің тәрағасы Жұмабек Тәшеновтің ұлтжандылығы мен әділетсіздікке төзбес қай-сарлығын сүйсіне айтады. Рейхстагқа бірінші болып ту тіккен Рақымжан Қошқарбаевқа Кеңес Одағының Батыры атағын беру жөніндегі ұсыныстың бар екендігін билетін Жұмабек Тәшенов Мәскеуде КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы тәрағасының орынбасары ретінде бір айлық кезекшілікте жүрген кезінде сол кездегі Бас штаб бастығы, маршал Коневпен қатты сөзге келеді. Аяғы үлкен дауға ұласқан әңгіменің ушықканы соншалықты, бұл мә-селеге Ворошилов араласып, екеуін сабырларына түсірсе керек. Міне, бұл да болса Тәшенов ғұмырының беймәлім бір тұсы болса, енді сол беймәлім тұсқа да Әділ Дүйсенбек қаламының жарығы тұскен екен.

«Шерағамның шеруі» – күнделік өмір кітабы. Автор мен Шерағаның сол

көптеген күнделікті өмірлері ел газеті «Егемен Қазақстан» басылымының қабырғасында бірге өткені бар. Міне, сол «Егеменнің» кезеңдеріндегі Шерхан Мұртаза газет сөзіне аса жауапты қарауды үйретіп қана қоймай, жазар тақырыпты әр журналистің алдына тартып отыrap шынайы көрініс табады. Шерағаның бар саналы ғұмыры қазақ баспасөзімен тығыз байланысты болса, сол ғұмырдың да көптеген жайлары айтылмай да қалған екен. Кітаптағы «Қақпанға тұскен қонақ» атты шағын бір әсерлі әңгімеде айтылатын мына бір жайды әдейі бөле-жара алдық. «Жаз мына оқиғаны, – деп ағам қолма-қол тапсырма берді. – Елдегілер оқысын, бір пайдасы тиіп қалар», – деген Шерағаңның өзінің сенімді жауынгер қаламгер інісі Әділ Дүйсенбекке берген тапсырмасының түп-төркінінде «елге пайдасы тиіп қалар» деген жанашырлық ой жатыр. Қашан болсын қаламының қарымымен өз елі мен халқының қамын жеп, жағдайын ойлап, елдік сөзін айтып келе жатқан Шерхан Мұртазаның буырқанған жан қуатын қаламгер өз кітабында шеберлікпен бере алғандығын айтпақ керек.

Жазушының қалам жарығының сәулесі тұскен әр тақырыпта өмір жатқандығын андаймыз. Сол өмірді автор Шерхан ағаның ғұмырымен, күнбе-күнгі өмір тіршілігімен көрсете отырып, тұтас бір кезең ахуалының тынысын сездірер еді. Эрине, тарихқа айналып бара жатқан кезеңдер де бар. Алайда, сол тарих қойнауындағы кезеңдердің өзі ел тағдыры, адам тағдыры. Ал тағдыр-тарихқа кез-келген ұрпақ қашан болсын айналып бір соғатыны және де бар. Сол кезде және сол тұста Әділ Дүйсенбектің «Шерағамның шеруі» алдымыздан табылары да бар. Өйткені, бұл кітапта қазақтың Шерханының тағдыры жатыр. Сол Шерхан тағдырдың көптеген сырларын өзінің шынайы ықыласты қаламының ұшымен өз кітабына арқау ете білген жазушы Әділ Дүйсенбек ең әуелі өзінің інілік және қаламгерлік парызына адалдық танытқандығына ризамыз. Бүгінгі ағалар сөзі ертеңгі бабалар сөзі болып, дуниені жаңғыртып, келер талай ұрпаққа жетері де анық. Соған жазсын!

**Жабал ЕРҒАЛИЕВ,
жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Парламент
Сенатының депутаты**